



*Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі филиалдарының, екінші деңгейдегі банктердің және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың кассалық қызмет көрсету бойынша қызметтер үшін ақы алу ережесін бекіту туралы" 1999 жылғы 20 сәуірдегі N 82 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2005 жылғы 12 желтоқсандағы N 158 қаулысы, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 4017 тіркелген.*

---

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі филиалдарының кассалық қызмет көрсету жөніндегі функцияларын нақтылау мақсатында, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі филиалдарының, екінші деңгейдегі банктердің және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың кассалық қызмет көрсету бойынша қызметтер үшін ақы алу ережесін бекіту туралы" 1999 жылғы 20 сәуірдегі N 82 қаулысына (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 746 тіркелген, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің "Қазақстан Ұлттық Банкінің Хабаршысы" және "Вестник Национального Банка Казахстана" ресми басылымдарында 1999 жылғы 26 сәуір - 9 мамырда жарияланған; Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1290 тіркелген, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2000 жылғы 9 қазандағы N 381 , Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1425 тіркелген, 2001 жылғы 31 қаңтардағы N 14 , Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2493 тіркелген, 2003 жылғы 21 тамыздағы N 300 , Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2667 тіркелген, 2003 жылғы 26 желтоқсандағы N 455 қаулыларымен енгізілген өзгерістермен және толықтырулармен бірге мынадай толықтыру мен өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі филиалдарының, екінші деңгейдегі банктердің және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың кассалық қызмет көрсету бойынша қызметтер үшін ақы алу ережелерінде:

мынадай мазмұндағы 3-1 тармағымен толықтырылсын:

"3-1. Ұлттық Банк филиалдарының қолма-қол ақшаны қабылдау және беруі Ұлттық Банктің қолданылып жүрген нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес жүргізіледі.";

